

«Амина» бөбекжайы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №3

Күні: 15.01.2025ж

Өткізілген орны: «Амина» бөбекжайы

Қатысқандар: педагогтер, қызметкерлер

Педагогикалық кеңес төрағасы: Азденбаева Р.К

Қатысқандар: 4

Хатшы

КҮН ТӘРТІБІ:

Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есеп.

«Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы»:

1-ші жартыжылдық жұмыстың қорытындысы, аралық мониторинг нәтижелері бойынша есеп.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруды бақылау бойынша есеп.

«Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың есебі.

Педагогтер мен жұмысшылардың сергіту сәтін ұйымдастыруы.

СанПиН талаптарының орындалуы туралы есеп (медбике).

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берілді. Педагогтерге берілген тапсырмалардың орындалу барысы қарастырылып, оқу-тәрбие процесінде жоспарланған жұмыстардың жүзеге асырылғаны атап өтілді. Педагогтердің құжаттары, балалармен жүргізілген жұмыстар және ата-аналармен өзара байланыс бойынша атқарылған жұмыстар сараланды.

Шешім:

Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау жұмыстары жалғастырылсын.

Берілген тапсырмалардың орындалуы педагогикалық кеңес барысында жүйелі түрде бақылауға алынсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

1-ші жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы және аралық мониторинг нәтижелері туралы есеп берілді. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларының қалыптасу деңгейі сараланып, балалардың даму динамикасы қарастырылды.

Педагогтер тарапынан балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүргізілгені атап өтілді. Мониторинг нәтижелері бойынша қосымша жұмысты қажет ететін бағыттар анықталды.

Шешім:

Аралық мониторинг нәтижелерін негізге ала отырып, балалардың жеке даму деңгейіне сәйкес жұмыстар жалғастырылсын.

Қажетті бағыттар бойынша жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылсын.

Педагогтер балалардың даму динамикасын жүйелі түрде бақылап отырсын.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Мектепке дейінгі ұйымдарда өткізілген мерекелік және тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу сапасы туралы есеп берілді. Іс-шаралардың балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, мазмұны, балалардың белсенді қатысуы және қауіпсіздік талаптарының сақталуы қарастырылды.

Шешім:

Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру кезінде балалардың жас ерекшеліктері ескерілсін.

Іс-шараларды өткізу барысында қауіпсіздік талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін.

Педагогтер алдағы мерекелік іс-шараларды сапалы және мазмұнды ұйымдастырсын.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

«Аналар мектебі» және «Әкелер мектебі» бағыттары бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы есеп берілді. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, тәрбиелік кездесулер мен кеңестер ұйымдастырылып, отбасы мен балабақша арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізіліп жатқаны айтылды.

Шешім:

«Аналар мектебі» және «Әкелер мектебі» жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жалғастырылсын.

Ата-аналардың іс-шараларға белсенді қатысуын қамтамасыз ету жұмыстары күшейтілсін.

Отбасылық тәрбие мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.

5-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Педагогтер мен жұмысшылардың еңбек процесінде сергіту сәттерін ұйымдастыруы туралы айтылды. Қызметкерлердің жұмыс уақытында дене белсенділігін арттыру, шаршаудың алдын алу және еңбекке қолайлы жағдай жасау қажеттілігі атап өтілді.

Шешім:

Педагогтер мен жұмысшылар үшін сергіту сәттері жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Қызметкерлердің денсаулығын сақтау және еңбек жағдайын жақсарту шаралары жалғастырылсын.

6-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Медбике тарапынан СанПиН талаптарының орындалуы туралы есеп берілді. Балалардың денсаулығын сақтау, топ бөлмелерінің санитарлық жағдайы, тазалық, желдету, күн тәртібі және жеке бас гигиенасы талаптарының орындалу барысы қарастырылды.

Санитариялық талаптарды сақтау бойынша жауапты қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары жүргізілгені айтылды.

Шешім:

СанПиН талаптарының орындалуы тұрақты бақылауда болсын.

Меңгеруші:  Азденбаева Р.К.
Хатшы:  Мейремхан М